

*Көкшеева З.Т<sup>1</sup>, Орынбасарқызы Ж<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Ш. Есенов ат. Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті,  
(Ақтау, Қазақстан)*

### **МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТІН ДАМУ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕ**

*Аңдатпа*

Мақалада қазіргі кезде оқытудың жаңа технологияларының бірі, әсіресе мектеп оқушыларының зерттеушілік қабілетін дамытып, өздігінен жұмыс істеуге баулу, өз ойын тұжырымдауға дағдыландыруда және оқу үрдісінде, зерттеушілік қабілетін дамытуда жобалау технологиясын қолданудың тиімділігі жайлы баяндалады.

**Тірек сөздер:** жоба, жобалау технологиясы, мектеп оқушылары, зерттеушілік қабілет, жаңа технология

*Koksheyeva Z.T<sup>1</sup>, Orynbekkyzy G<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Caspian state University of technology and engineering named after sh. Esenov,  
(Aktau, Kazakhstan)*

### **DEVELOPMENT OF STUDENTS ' RESEARCH ABILITIES-A PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL PROBLEM**

*Abstract*

The article, currently one of the new learning technologies, the development of research abilities of students, especially to work independently, to teach them to formulate their thoughts and changing conditions in the learning process, describes the effectiveness of the use of project technology in research activities in development, about the ability.

**Keywords:** project, design, technology, students, research skills, new technologies

*Көкшеева З.Т<sup>1</sup>, Орынбасарқызы Ж<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова  
(Ақтау, Казахстан)*

### **РАЗВИТИЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ ШКОЛЬНИКОВ – ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМА**

*Аннотация*

В статье, в настоящее время одной из новых технологий обучения, развитие исследовательских способностей школьников, особенно, работать самостоятельно, научить формулировать свои мысли и изменяющимся условиям в процессе обучения, излагаются эффективность применения проектной технологии в исследовательской деятельности в развитии, о способности.

**Ключевые слова:** проект, проектирование, технология, учащихся, исследовательских умений, новых технологий

Мектептегі білім жүйесінің жаңа құрылымы мен оқу-тәрбие жұмыстарының мазмұнының өзгеруі мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін жаңартуды, шыңдауды талап етеді. Осы орайда, мектеп табалдырығын алғаш аттаған бастауыш сынып оқушыларына білім беріп, тәрбиелеумен қатар олардың зерттеушілік қабілеттерін дамытудың қазіргі кезде маңызы зор.

Күнделікті бір жаңа нәрсені білу, құпия дүниенің сырын ашу – адамның ой-өрісін байытып, түсінік-пайымын кеңейтетін танымдық бастаулардың бірі. Қай кезде де қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі сол қоғамдағы адамның ой-өрісіне, шығармашылық қабілеті мен біліктілігіне де байланысты болмақ. Сондықтан да әрбір жекелеген тұлғаның өзіндік шығармашылық ізденісі, оның ішінде кіші мектеп жасындағы балалардың өзіне беймәлім тылсым дүниенің сырын ашуға деген ұмтылысы, бірнәрсені білуге деген қызығушылығы, біздің пайымдауымызша зерттеушілік қабілеті болып табылады.

Сонау 1592-1670 жылдарда өмір сүрген чех халқының атақты педагог-әдіскері Я.А.Коменский де кезінде: «Қай баланың қалай болып туылатыны бөгде адамдардың бірде-бірінің ықтиярында емес, бірақ дұрыс тәрбие арқылы оларды жақсы адам ету біздің билігімізде», – деп, оқушылардың біліктілігін жетілдіру жұмысын арнайы басқарып отырудың қажеттігі туралы айтқан болатын [1].

Бұл қағида кейіннен Ж.Ж.Руссо, А.Ф. Дистервег, Дж.Дьюи[2], И.Г. Песталоцци, К.Д.Ушинский т.б. ғалымдардың идеяларынан да көрініс тапты. Баланы жастайынан ғылымға деген қызығушылығын арттырып, зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру үшін зерттеушілікке баулып оқытуды бастауыш мектептен бастау керек. Олай дейтін себебіміз, бастауыш мектеп – білімнің негізі қаланатын алғашқы баспалдағы, яғни баланың ақыл-ойы, санасы дамитын маңызды кезең, бұл кезеңде бала тек білімге сусындап қана қоймай, өзін қоршаған дүниені танып-білуді, айтып, жазып, түсінігін жеткізе білуді, басқалар жөнінде де өзіндік көзқарас қалыптастырып, қажет жағдайға тез бейімделіп, байқау жасап, ой таластыра отырып, салыстырмалы пікірін білдіруді, сөйлеу және ойлау мәдениетіне үйреніп бастайды.

Зерттеушілік бағыттағы оқыту сабақтарында бұрынғы дәстүрлі сабақтан гөрі қазіргі жаңартылған бағдарламаға сәйкес жаңаша оқытудың түрлі стратегиялары пайдаланылып, арнайы тренингтер мен ойындар қарастырылады. Мұндай жұмыстар арқылы оқушылардың зерттеушіліктері арттырып, дағдыларын меңгерудің оңтайлы жолы деуге негіз бар. Оқушыларды шығармашылық - зерттеушілік әрекетке баулудың негізгі мақсаты – мектеп оқушысының, жоғары мәдениеттің қай саласында болмасын, өз бетінше шығармашылық ізденісін, жаңаша іс-әрекет қалыптастыруға деген дайындығы мен қабілетін дамыту болмақ деп ойлаймыз.

Педагогикадағы жобалау мәселелері бойынша көптеген ғалымдардың, атай кетегін болсақ: И.А. Колесникова, В.И. Загвязинский, А.М. Новиков, П.Г. Щедровицкий т.б. сонымен қатар, қазақстандық ғалымдар С.Д. Мұқанова, С.М. Бахешева, Қ.Қ. Жампейісова, Ү.Б. Жексенбаева[3], К.С. Құдайбергенова, Л. Қалабаева, Г. Құлжанбекова, А.О. Серікбаева т.б. еңбектерінде негізделген.

Бүгінгі таңда әдебиеттерде 50-ден астам педагогикалық технологиялар пайдаланып жүр, оның ерекшелігін педагогикалық жүйені жобалау тұрғысынан анықтау үшін жобалаудың білім беру аймағында оқыту жүйесі мен оның жекелеген компоненттерін жасаумен шектелмейтінін ескеру абзал.

Олай дейтініміз, кіші мектеп жасындағы бала жаратылысынан зерттеуші емес екені рас, оларды зерттеу тақырыбымен, өзектілігі, мақсат-міндет қоюмен, ғылыми болжаммен «зорықтыруға» болмайды, сондықтан да оған алғашқыда арнайы түрде үйретілуі керек, мысалы: таңдап алынған тақырып пен оған қатысты мәселелер бойынша жағдайды қалай анықтауға болады немесе қандай болжам жасауға, жоспарды қалай құру, тәжірибенің қалай жасалатыны т.с.с. рет-ретімен айтып түсіндірілуі тиіс.

Осылайша жобалау зерттеуді тиімді әдістер арқылы бастауышта қолдану - мұғалімнің көмегімен ғана жүзеге асырылады. Себебі, жобалау дегеніміздің өзі – кіші мектеп жасындағы оқушылардың күнделікті сабақ барысы болсын, сыныптан тыс уақыттарда да алдын-ала құрылған жоспарға сәйкес түрліше тапсырмаларды жасап, талмай ізденудің арқасында қол жеткізетін нәтижелі білімі деп топшылауға болады.

Ал жоба дегеніміз – алға, болашаққа талпыныс, ұмтылыс деген сөз, яғни, бірнәрсені қалпына келтіру жоспары, ізденім арқылы іс-қимылдың нәтижесіне жетудегі әрекеттер жүйесін білдіреді. Мұнда бастауыш сынып оқушыларының алатын білім мен тәрбиесінің сапасын жетілдіруде олардың зерттеушілік қабілетін қалыптастырудың педагогика-психологиялық және ғылыми негіздері үлкен роль атқарады.

Жобалар әртүрлі белгілері бойынша жіктеледі: *зерттеушілік, шығармашылық, рөлдік ойындық, ақпараттық, қолданбалы т.б.*

*Мағынасына қарай:* бір пәндік, пәнаралық (бірнеше пәндер бойынша) болады. *Жобалар іс-әрекет формасына қарай:* баяндама, альбом, жинақ, каталог, альманах, макет, сызба-тірек (схема), жоспар-карта, бейнефильм, көрме, мейрам, конференция т.б.

Негізгі нәтиже қай түрімен берілсе де, жобаның түсіндірме жазбасы болуы керек. Мысалы: ең басында жобаның тақырыбы, авторы, тобы, оқу орны, жетекшісі т.б.керекті мағлұматтар көрсетіледі. Алдымен, оқытушы оқу материалдарын қарап шығып, жобаға ыңғайлы, қонымды тақырыптарды таңдап алуы қажет.

Жоба жасау кезінде оқушыларда келесідей дағдылар қалыптасады: жалпы сабақтық: оқулықпен, сөздікпен, арнаулы әдебиеттермен, каталогтармен жұмыс жасау, баяндама жоспары мен мазмұнын түзу, тақырып бойынша мәлімдеме дайындау, реферат жасау.

*Арнаулы:* мәтінді қысқарту және оны ауызша түрде жеткізе білу, мәселеге байланыс. Жобалардың әдісі – оқу барысында кішкентай топта әлеуметтік қарым – қатынас құруға негізделген білім беру саласындағы технологиялардың бірі болғандықтан оқу барысында оқушылар әртүрлі әлеуметтік рөлдерді (*ұйымдастырушы, жетекші, атқарушы т.б.*) қабылдайды, орындайды және оларды шынайы қарым – қатынас кезінде өзекті мәселелерді шешуде орындауға үйреніп, дайындалады.

Жоба дегеніміздің өзі – жетекші мұғаліммен бірге жасалатын баланың өзбетінше сол мәселені шешу жолындағы түзілген іс-әрекеттер жүйесі.

### Кесте 1 – Мұғалім мен бастауыш сынып оқушысының арасындағы іс-әрекеттер жүйесі

№	Мұғалім:	Оқушылар:
1	Жеке тұлғаға қарай бағытталған ұсынушы	Оқыту субъектісі
	Бағыт-бағдар беруші, кеңесші	Алға қойған мақсатқа жетуші белсенділер тобы
	Оқушының жетістігін құптаушы	Оқытушы әрі өзін-өзі оқытушы рөлінде
	Ынталандырушы, мақсат қоюшы	Өнерлілер және әрекет етуші топ
	Мақсаттарға жетелеуші	Ізденіп табыса жетуші шығармашылық топ

Жобалар әдісі ең алдымен – қандай бір мәселені шешуді көздесе, қорытындысында – нәтижеге қол жеткізуді болжайды, ал жобаның ерекшелігі сол – оны бала алдымен көзімен көріп, өз қолымен жасау арқылы оқушының ынтасын арттырып, қызықтыра отырып ізденіске жетелейді, шығармашылық біліктілігін арттыру арқылы туындаған мәселені өз беттерінше шеше білуге талпындырып, ғылыми ізденіске жетелейді.

Біз жоғарыда айтып өткен жобалау технологиясын қолданудағы негізгі мақсат – кіші мектеп жасындағы оқушылардың ғылымға деген қызығушылықтарын арттыру, өздігінен ізденіп жұмыстану арқылы зерттеушілік әрекетке баулу, теория жүзінде алған білімдерін тәжіибемен ұштастыру аясын кеңейту, техникалық біліктілігі мен сыни тұрғыдан ойлау қабілетін қалыптастыру арқылы қазіргі қоғамға сай, кез-келген ортада өзіндік ой тұжырымдап, өзін көрсете білуге бейімдеу.

### Кесте 2 - Жобалау технологиясының іс-әрекет кезеңдері мен мазмұны

Іс-әрекеттің кезеңдері:	Іс-әрекет мазмұны:
<b>Дайындық кезеңі:</b> 1. Жобаның тақырыбын таңдау; 2. мақсатын белгілеу	Оқушылар: тақырыпты таңдау, талдау, ақпарат жинақтау. Оқытушы: тақырыптың ойына бағыт беру, ынталандыру, тапсырманың дұрыс басталуына көмектесу.
<b>Жоспарлау кезеңі:</b> 1. Ақпарат көздерін анықтау; 2. ақпаратты табу жолдарын талдау 3. нәтижені көрсету тәсілдерін анықтау. 4. үрдіс пен нәтижені бағалау өлшемдерін белгілеу.	Оқушылар: тапсырмаларды құрастырады және іс-әрекеттерін жоспарлайды. Оқытушы: қажет жерлерге түзетулер енгізеді, ой тастайды, ой бөліседі.
<b>Мәліметтерді жинақтау кезеңі:</b> 1. Бақылау; 2. Жинақталған мәліметтермен жұмыс; 3. әдебиеттермен жұмыс; 4. сауалнама, сұхбат, бақылау және	Оқушылар: ақпараттарды жинақтайды. Оқытушы: бақылайды, іс-әрекеттеріне жанамалап бағыт-бағдар сілтейді.

эксперимент жүргізу т.б.)	
<b>Жобаны қорғау</b>	Оқушылар: нәтижелерін көрсетеді: баяндайды, пікір алмасады, жобаны безендіреді.


Ғалым Ж.А. Кәрменбаева Жобалау технологиясын бастауыш мектепте қолданудың имімділігін өз жұмысында жан-жақты талқылаған. Ғалымның топшылауына, «жоба жұмысы – белгілі бір өтілген материалдың қорытындысы ғана болмай, танымдық әрекетінің әдістемелік жемісі де болуы керек. Яғни, белгілі мақсатқа жетудің нәтижесін көрсеткен жөн. Жобалау әдісінің негізінде оқушының өз бетімен танымдық қабілеті дамиды, хабар кеңістігінде жаңалықты бағдарлай алу, алған жаңалықты сараптау, шығармашылық зерттеуге дағдыланады»[4].

Жоғарыда айтып өткеніміздей, жоба әдісін қолдану арқылы балаларды қазіргі заман сұраныстарына сай келетіндей дайындап, шығармашылық белсенділігін арттырамыз. Осыған сәйкес көптеген тиімді әдіс-тәсілдерді қолданамыз, мысалы: әртүрлі шығармашылық жұмыстар, жазба жұмыстары, шығармашылық ойындар т.б.

Сонымен қатар, жобаны жасауда мектеп оқушыларына әр түрлі аудио және бейнефильмдер, көрсетілімдер, компьютерленген арнайы бағдарламалар дайындалып, сол бойынша жұмыстар жүргізіледі. Бұдан басқа да түрлі бағыттағы жұмыстар балалардың ойлау қабілетін қалыптастырып, ұсынылған жоба түрлерімен өздігінше ізденіп жұмыстануларына және олардың ғылымға деген құштарлықтарын арттырып, сабақтан әсте жалықтырмайды[5].

Ақтау қаласындағы №21 орта мектептің 3-сыныбының оқу үрдісінде жобалау технологиясын пайдалана отырып, зерттеушілік қабілетін қалыптастыру мақсатында ана тілінен сабақ жүргізілді. Сабақ барысында оқушылар өте белсенді атсалысып, өз қызығушылықтарын таныта білді.

Зерттеушілік қабілетін қалыптастыруына ықпал ету үшін жүргізілген сабаққа балалардың ынтасы шексіз болды. «Тиін» тақырыбын қызу талқылап, проблемалық сұрақтарға жан-жақты жауаптар іздестіріп, жол табуға тырысты. Бір-біріне жәрдемдесе отырып, ұйымдасқан түрде сабаққа беріле қатысты. Игерген ақпараттарын ортаға салды, берілген түрлі деңгейдегі тапсырмаларды постер қорғау арылы орындап, сабақтың қызықты, жоғары деңгейде өтуіне үлестерін қосып, ересектерше өз пікірлері мен ұсыныстарын жариялады. Топпен ақылдасу, ұйымшылдық, жылдам жауап беру, ізденімпаздық, зерттеушілік секілді үрдістер үздіксіз жүріп отырды. Мысалға: **1-топқа** тапсырма: кластер стратегиясын құру:



**2-топқа:** тиіндер қандай аң? (Күннің суық және жылы мезгілінде) – талдау жасау т.б;

Постер құрып топтасу арқылы балалар бір-бірімен пікір алмасып, здеріне көптеген тиімді және пайдалы мағлұматтар жинақтады, зерттеп отырған материалы туралы тереңірек білуге тырысты, бұл құбылыс әрине үздіксіз ізденімпаздық пен зерттеушіліктің арқасында орын алды деуге негіз бар. Ол балалар бойындағы бірлік, өз тобы үшін бір-біріне жанталаса жәрдем ету және де жауапкершілік, ал мұндай қасиеттер оқушылардың болашақтағы бейнелерінен көрініс бергендей болды.

Мұғалім туындаған мәселені талдап, шешу мақсатында оқушыларға жеке немесе топқа арнайы дайындалған сол тәжірибелік тапсырмалар ұсынады. Ал оқушылар болса, өздеріне бұрын беймәлім, таныс емес мәселені талқылап, өз беттерінше тығырықтан шығу мақсатында проблеманы тиімді шешудің жолдарын іздестіре бастайды.

Тағы бір мысал келтіре кетсек, дүниетану пәнінен 2 сынып оқушыларына арналған «Жапырақтар. Күзде олар неге сарғаяды?» тақырыбында жобалау технологиясы негізінде жүргізілген сабақтарымыз да оқушылардың қатты қызуғушылығын оятты.

Мысалы, әр топқа ат қою арқылы түрлі тапсырмалар беруге болады. Тақырыпқа сәйкес берілген тапсырмаларға есеп жүргізу арқылы топтар өздеріне ат таңдап қояды, мысалы: 1 топ – Жеміс ағаштары, 2 топ – Аққайыңдар, 3 топ – Шырша тектестер, 4 топ – Қарағайлар;

Одан әрі зерттеуді тереңдету мақсатымен «Миға шабуыл» блиц-сұрақтарын қоюға болады: Қазір жылдың қай айы? Көктемде қандай өзгерістер болады? Қыс айына тән қандай өзгешеліктер мен ерекшеліктерді атай аласың? Күзде жапырақтар неге сарғаяды? . және т.с.с. Бұдан басқа да топтарға әртүрлі тапсырмалар беруге болады: Альбом жасап құрастыру, альбомға презентация жасау; Күз туралы жинаған суреттер, шырша, ағаштардың түрлері, жапырақтардың түрлеріне, тақырыпқа қатысты талдау жасау т.б;

Мұнда да жобалау технологиясы арқылы бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік қабілетін қалыптастыруда үйретілетін әдістер туралы түсіндіру, әңгімелесу, шығармалармен танысу, жобалауға арналған жаттығулар жасау, мектеп оқулығында берілген шығармаларға, әңгімелерге баға беру және талдау, табиғат аясында серуендеу, теледидар хабарларын тыңдау, пікір алысу сияқты т.б.әдіс-тәсілдер қолданылды.

Жалпы алғанда, жобалау технологиясын мақсаты – бастауыш сынып оқушыларының білуге деген қызығушылығын қалыптастыру, өз бетінше еңбектену барысында болашақты болжап, жобалай білудегі ізденушілік бағытта білімдерін жетілдіру, жаңа қоғамға сай техниканы жетік меңгеру біліктілігін қалыптастыру және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы оқушыны бастауыштан бастап әр түрлі жағдаяттарда, түрлі ортада өзіндік ой қорытып, пікірін білдіруге бейімдеу.

Ғалымдардың зерттеуінше, адамда болатын қызығушылық танымдық қабілет, қоршаған ортаның өзіне беймәлім сырын ұғуға, білуге деген талпыныс баланың жастайынан басталады екен. Сол себепті де кіші мектеп жасындағы оқушыны жастайынан ізденушілікке баулу арқылы қазіргі қоғамдағы ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес ізденіп, талаптануларына, болашақ мамандықтарына қарай бағдарлана алуына, ғылым жолындағы өздерінің зерттеушілік дағды мен қабілеттерін қалыптастыруына шамамыз келгенше көмектесіп, талпындыруымыз керек. Осы жолда «Алдына ұлы мақсат қойсаң, ұлылыққа жетесің» деген тәмсілді ұстанған әрбір жаңашыл ұстаз қандай әдіс-тәсілді, технологияны қолданса да, мақсаты біреу болуы шарт – ол оқушыларды жан-жақты сапалы біліммен қамтамасыз ету.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Дьюи Дж. *Демократия и образования*. М., 2000. -200 с.
2. Жексенбаева Ү. *Зерттеушілік оқыту технологиясы-бастауыш мектепте*. Астана, 2006
3. Әлемдік педагогикалық ой-сана. 10 томдық. /Жетекшісі К.Ж. Қожахметова. Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2011. 8-т. – 400б.
4. Кәрменбаева Ж.А. *Жобалау технологиясын бастауыш мектепте қолдану*. // Шетел тілін оқыту әдістемесі. №2, 2006. – 45-47 бет.
5. «12 жылдық білім беру» республикалық ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-сараптамалық журналы. 2017. 4-8 б
- 6 Жигитбекова Б.Д., *Психологиядағы әлеуметтік сәйкестендіру мәселесі // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. «Психология» сериясы, №3(60), 2019. – С.175-178.*